

Әлемдік нарықтағы
мұнай бағасының
әсері

Ембіліктер карантиндегі
отандастарға қолдау
көрсетті

Исследователь
Кирпичников об
Эмбе: «Тут скоплено
большое количество
нефти»

Онлайн оқыту:
жоба қалай жүзеге
асуда?

1, 6

3

4-5

8

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 8 (48)
сәуір
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті ембіліктер!

Сіздерді он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол, жақсылықтар мен сауаптардың сансыз еселеніп жазылатын қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтаймыз!



Бұл айдың басты ерекшелігі, Алла тағала Исламның бес парызының бірі болған оразаны осы айда ұстауды парыз етті. Ораза ұстауға қойған ниеттеріңіз қабыл болсын деген тілекпен, сіздің денсаулықтарыңыз бен қауіпсіздіктеріңізді сақтау мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы бірқатар кеңестерді назарларыңызға ұсынып отыр:

- Ұйқыға жеткілікті уақыт бөліңіз;
- Сусыздануға жол бермеңіз;
- Ең қиын жұмыстарды таңертеңгі уақытқа, зейін қою қабілетіңіздің дәрежесі жоғары болған кезге жоспарлаңыз;
- Шаршасаңыз, әріптестеріңізден көмек сұраңыз, бір-біріңізге көмектесіңіз;
- Егер қауіпті жұмысты орындауға шамаңыз жетпесе, басшыңызға хабарлаңыз;

- Егер созылмалы аурумен ауырсаңыз немесе үнемі дәрі-дәрмектерді қабылдасаңыз, дәрігер кеңесіне жүгініңіз, себебі бойыңыздағы ауру шаршауды күшейтеді.

Құрметті әріптестер!

Коронавирус пандемиясын ескере отырып, барлық сақтық шараларын сақтаңыз: адамдар көп шоғырланған жерлерге бармаңыз, ифтарға қонақ шақырмаңыз. Өзіңіздің денсаулығыңызды бақылаңыз және иммунитетті төмендетуден аулақ болыңыз.

Алла тағала Рамазан айында ұстаған оразаларыңыз бен құлшылық-ғибадаттарыңызды қабыл етсін. Отанымыз аман, жұртымыз тыныш, барша Қазақстан азаматтарының ынтымақ-бірлігі берік болғай!

Экономика әлемі

Әлемдік нарықтағы мұнай бағасының әсері

Коронавирус дерті әлем елдерінің экономикасына қатты зардабын тигізуде. Әлемде жанар-жағармайға деген сұраныс төмендеп кетті. Мұнай өндірілген үстіне өндірілуде, ал, сатылуы төмен. Міне, осыдан келіп, мұнай бағасының құлдырауы орын алды. Соның салдарынан әлем елдерінің арасында текетірес басталды.

Бүгінгі таңда экономикасы негізінен мұнай

экспортына тәуелді елдердің арасында бюджеттерінің кіріс бөлігі айтарлықтай төмендеп кеткенін әлемдік сарапшылар жарыса айтуда. Проблеманы шешу мақсатында ОПЕК ұйымы дереу диалог алаңын ұйымдастырды. Оған тек ОПЕК-ке мүше елдер ғана емес, бақылаушы мемлекеттер де (ОПЕК+) қатысты. Соның ішінде, Қазақстан да бар.

(Басы. Жалғасы 6-бетте).

ҚР мұнай өндіруді тәулігіне 390 мың баррельге қысқартады

Мемлекет мұндай міндеттемелерді екі ай мерзімге ОПЕК+ келісімі аясында өз мойнына алды.

12 сәуірде ОПЕК+ келісіміне қатысушы елдердің министрліктерінің вебинары барысында ОПЕК+ елдерінің, сондай-ақ, ОПЕК+ құрамына кірмейтін елдердің мұнай өндіруді тәулігіне 9,7 млн.баррельге ұжымдық қысқарту туралы келісімде консенсусқа қол жеткізілді. Бұл - әлемдік мұнай индустриясы тарихын-да мұнай өндірісін ең үлкен ұжымдық қысқартудың бірі. Қазақстан өз кезегінде келісімдегі консенсусқа қолдау көрсетіп, тәулігіне 390 мың баррельге өндіруді қысқарту міндетін өз мойнына алды. Мұндай шешім бірінші кезекте мұнай нары-

ғында ғана емес, бүкіл әлемде қалыптасқан күрделі жағдайдан туындай-ы.

Коронавирус пандемиясына байланысты барлық елдерде мұнайға деген сұраныс күрт төмендеді. Сондықтан, ОПЕК хатшылығының өндіруді ұжымдық қысқарту туралы ұсынысы орынды және уақытылы шешім болып саналады. Егер ОПЕК+ мәмілесі жасалмаса, мұнай өндіруші елдер кез келген жағдайда өндірісті қысқартатын еді. Өйткені, нарықтың барлық ойыншыларының алдында тұрған проблема сақтау қоймаларының толып кетуі, сондай-ақ, бүгінгі таңда әлемде мұнай көп болғандықтан, сұраныстың болмауы.

ОПЕК+ мәмілесінің арқасында өндірістің қысқаруы ұжымдық, бақыланатын болады және нарыққа оң серпін береді, бұл сарапшылардың пікірінше, мұнай бағасының өсуіне оң әсер етеді, сондай-ақ, сақтау қоймаларындағы мұнайдың толып кету мәселесін шешеді.

www.gov.kz

А.Есімов: «Самұрық– Қазына» компанияларындағы жағдай тұрақты»

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ дағдарысқа қарсы қабылдаған шаралар Қордың портфельдік компанияларының үздіксіз қызметін қолдауға мүмкіндік берді. Бұл туралы Премьер-Министр Асқар Маминнің қатысуымен өткен үкімет отырысы барысында Қор басшысы Ахметжан Есімов мәлімдеді.

Ахметжан Есімовтың айтуынша, қалыптасқан жағдай өндіріс жоспарлары мен көлемдеріне айтарлықтай түзетулер енгізсе де, уақытылы қабылданған шаралар компанияларға дағдарыс кезеңінде қалыпты жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

- Жұмыс орындарын сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Компаниялар тобында 307 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Қор компаниялар тобына кері әсерін жою үшін барынша шаралар қолдануда. Ағымдағы жағдай біздің компаниялардың қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан, өндірістік процестерге тікелей әсер етпейтін операциялық және басқа да шығындарды оңтайландыру мақсатында көптеген жұмыс атқарып жатырмыз, - деді Ахметжан Есімов.

Қор басшысы, сондай-ақ, дағдарысқа

қарсы шараларды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген 2020 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша портфельдік компаниялардың өндірістік көрсеткіштерін атады.

Мұнай-газ саласындағы көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты. Тоқсан қорытындысы бойынша мұнай өндіру көлемін жоспардан 2%-ға немесе 6 млн тоннаға жуық асыра орындау қамтамасыз етілді. Бұл 2019 жылғы деңгейден 30%-ға жоғары.

Газ тасымалдау көлемі 24,4 млрд. текше метрді құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 10% -ға артық.



www.sk.kz

КВИ салдарынан мұнай өнімдеріне сұраныс төмендеді

Елімізде ірі қалаларында карантиннің енгізілуіне және мұнай өнімдерін тұтынудың азаюына байланысты отандық мұнай өңдеу зауыттары теңдестірілген ең төмен қуатпен жұмыс істеуде. Биыл сәуір айында мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс ай-

тарлықтай төмендеді: автобензин мен дизель отынына – 40%-ға, авиациялық отынға – 70%-ға. Бұл мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізушілерінен келіп түсетін өтімдер динамикасына жасалған талдаудың нәтижесімен расталып отыр.

www.kmg.kz

Ембіліктер карантиндегі отандастарға қолдау көрсетті

«Ембімұнайгаз» АҚ жалпыхалықтық «Bizbirgemiz» акциясына үлес қосты.

Атырау облыстық әкімдігінің сұранысы бойынша Компания жергілікті тұрғындар арасында COVID-19 вирусының таралу қаупін жою мақсатында Атырау қаласының Береке мөлтек ауданындағы тұрғын үйлерде оқшауланған азаматтарға демеушілік көмек көрсетті.

- Еліміз үшін осындай күрделі кезеңде Компания карантиндегі адамдарға тұрмыстық техника, азық-түлік өнімдері және басқа да тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етті. Ембілік мұнайшылар атынан шыдамдылық пен азаматтық белсенділік танытып жатқан тұрғындарға, соның ішінде, халықтың ден-

саулығын сақтау мақсатында отбасынан алыста жүріп, аянбай еңбек етіп жатқан медицина саласының қызметкерлеріне алғыс білдіремін. Халқымыздың бірлігінің арқасында біз барлық қиындықтарды да еңсеріміз деген сенімдемін, - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Айта кетейік, қауіпті вируспен күрес жұмыстары аясында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялары тобы мен «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша өндіріс үдерістерін тоқтатпау және жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық тиісті шаралар қолға алынууда.



Новости региона

Число излечившихся от COVID-19 в Атырау растет

В Атырау выздоровели еще 12 пациентов, у которых ранее был диагностирован коронавирус. Все бывшие пациенты инфекционной больницы чувствуют себя хорошо и направлены в места постоянного проживания.

На 24 апреля 2020 г. количество выздоровевших в Атырау достигло 35 человек. Количество заболевших от COVID-19 составило 84 человек.

Заработал сайт Оперативного штаба

Здесь жители областного центра смогут оперативно получать самую достоверную и официальную информацию о ситуации с коронавирусом в регионе.

На сайте www.stopcoronavirus.kz будут опубликованы все ключевые Постановления главного санитарного врача Атырауской области, полезная информация, новости, а также статистика по последним заболеваниям COVID-19 в регионе. Также на сайте указаны номера горячей линии Оперативного штаба по обеспечению режима ЧП в Атырауской области.

В Атырау строго контролируются цены на продукты питания

Атыраусцы могут подать письменную жалобу на подорожание цен на продукты. Городской отдел предпринимательства и сельского хозяйства ведет мониторинг незаконно завышенных цен на продукты питания в регионе. По словам акима г. Атырау Кайрата Оразбаева, на сегодня зафиксированы цены на 9 основных видов продуктов питания. К ним относятся – мука пшеничная I сорта, хлеб, макаронные изделия, гречка, рис, говядина, куриные яйца, подсолнечное масло и соль.



– В сложившейся ситуации предприниматели не имеют права повышать цены на вышеуказанные виды продуктов питания. Если порог цен будет превышен, ответственные специалисты проведут проверку и примут соответствующие меры, – сказал аким города.

Напомним, что жители могут подать письменную жалобу в Whats'App по номерам: 8 701 730 02 22 и 8 701 774 44 84. Кроме того, о подорожании цен на продукты питания можно сообщить на сайте DOSMART.KZ.

Исследователь Кирпичников в 1874 году об Эмбе: «Тут скоплено большое количество нефти»

К 120-летию казахстанской нефти, в №16 от 16.08.2019 г. «Ембі тынысы», была презентована первая часть исторического очерка, подготовленного по документам и материалам Атырауского областного и Макатского районных архивов. В новом очерке, с помощью документов государственного архива Оренбургской области мы опять погрузимся в период первых поисково-разведочных работ на Эмбе, активное начало которых было положено после присоединения Казахстана к России.

Для закрепления позиций казахских земель, пока только Младшего жуза, в мае 1734 г. была организована Оренбургская экспедиция, которую возглавил обер-секретарь Сената И.К. Кириллов – сподвижник Петра I, один из основоположников российской географической науки и родоначальник российской экономической географии. В задачу экспедиции входило всестороннее изучение вошедших в состав России земель, разведка природных ресурсов, сооружение Орской крепости, установление новой границы между русскими и казахскими владениями. В 1735 г. был основан г. Оренбург, имевший важное значение в развитии русско-казахских политических и торговых взаимосвязей. В мае 1744 года была учреждена Оренбургская губерния, к которой был присоединен Гурьев-городок (ныне Атырау), ранее относившийся к Астраханской губернии. Согласно карте (на странице 4) в 1764 г. Оренбургская пограничная линия простиралась, начиная от Гурьев-городка вверх по реке Яик до вершин рек Уй и Ую до устья реки Тобол, далее до Звериноголовской крепости с приобщением Самарской и Сакмарской линий (Карта Оренбургской губернии от 1764 г. и Карта похода в Хиву в 1839 г.). Пограничная линия разделяла степь кочующих киргиз-кайсаков и внутреннюю часть Оренбургской губернии. С 1781 г. Оренбургская губерния была упразднена, а Гурьев-городок и Уральск отписаны к Астраханской губернии. По данным переписи 1897 года, на тот момент в уездном городе Гурьеве проживало 9 322 чел.

К этому периоду правительственными указами в число участников военных экспедиций

экспедиций в Среднюю Азию включаются исследователи, на которых возлагалась задача по изучению территорий по пути следования походов с подготовкой подробных отчетов по полезным ископаемым. Автор одного из них технолог Д. Кирпичников в 1874

году в «Описании соляных озер, расположенных возле устья реки Эмбы и нефтяных месторождений к северо-восточному берегу Каспийского моря» подробно поделился

своими

наблюдениями об исследованной им территории вдоль побережья реки Эмба.

Первым автор описывает месторождение, найденное им в Бланской волости Гурьевского уезда (предположительно в Жылыойском районе, западнее поселка Каратон к побережью Каспийского моря).

Со слов Кирпичникова, месторождение представляет из себя озеро с горько-соленой водой с черными асфальтовыми островами. Длина озера составляет – около 500 саженей, ширина - 200 саж. (1 са-жень = 2.1336 метра – прим. от Л.С.). Над озером возвышаются 12 островов, диаметр самого большого - 7 саженей, другие меньше и есть очень маленькие, с площадью равной 1 кв.аршину (1 аршин - 71,12 см – прим. от Л.С.).

По мнению Кирпичникова, острова образовались вследствие выхода нефти на поверхность земли, вследствие того, что «нефть оставляла в этом месте свои твердые части, из которых образовался асфальт».

Исследователь, изучив этот район в течение месяца, делает заключение, что – озеро лежит в котловине, окруженной большими возвышениями.

- Поблизости нет высоких гор, внутри которых могли бы скопиться нефтяные газы, производящие давление на самую нефть, то вместилище самой нефти должно находиться не глубоко, на глубине 10-15 саж., - делает вывод Кирпичников.

По его мнению, проведение колодцев не потребует больших капиталов, однако кро-

(Продолжение на 5 стр.)



(Продолжение. Начало на 4 стр.)

ме обыкновенной буровой будет необходимо установить осадные трубы для задержки песчаного грунта и насосы для откачивания выступающей воды. Впрочем, исследователь справедливо полагает, что воспользоваться этим богатством на тот момент будет очень трудно, называя в качестве препятствий отсутствие пресной воды и путей сообщения с населенными пунктами – Гурьевым, с одной стороны и Нижне-Эмбинским укреплением с другой. К этим двум препятствиям он добавляет невозможность запасти корм для рабочего скота, вследствие отсутствия поблизости лугов и степей, удобных для сенокоса.

Далее Кирпичников в своих поисках поднимается выше и оказывается в местности Карашунгуль. Исследователь описывает местность песчаной, не ровной, представляющей из себя то, что называются барханами. Она возвышается над всеми окружающими урочищами, а в середине же этого возвышения находится соляное озеро с нефтяными источниками. Озеро имеет в длину 300 сажень, а в ширину 200 сажень. Посредине озера находится 2 гипсовых возвышения, разрабатываемые киргизами для могильных насыпей. По рассказам киргизов исследователю, это место у них считается святым - аулие, вследствие чего около озера находится большое количество мазарок. Вытекающая из южного берега нефть известна киргизам с давних пор, они употребляют ее, как лекарство для скота, мажут ею скот при появлении на них накожных болезней. Для добычи нефти киргизами вырыто несколько ям в которых и скапливается нефть. В продолжении суток в этих ямах накапливается около одного ведра воды нефти, которая плавает маслянистым слоем

этих же ямы. Нефть сочится по песчаному слою, толщиной в $\frac{3}{4}$ аршина, который пропитался твердыми составными частями нефти и образовал из себя асфальт. Этот слой углубляется в южный берег озера и имеет 10 сажень шириной.

- Буры, взятые мною, - пишет исследователь, - оказались на этом месторождении неудобными, отверстие засыпалось вследствие песчаного грунта, а потом выступала вода и прекращала работу. Нефть, набранная в ямы, вырытые киргизами, была испробована относительно выхода из нее керосина и оказа-

лось, что взятый образчик дает 19,4 % керосина, тогда как кавказская нефть отделяет около 40% керосина. Эту разницу в содержании керосина я объясняю следующим образом: взятый образчик получен не прямо из вместилища, а должна была пройти до выхода на поверхность сквозь слой асфальта. Проходя она растворила осмолившиеся части асфальта и другие твердые части нефти, составляющие асфальт. Вследствие этого на известное количество легко кипящих составных частей нефти оказались больше трудно-кипящих составных частей, а поэтому и процентный выход керосина получился малым. По проведении колодца, когда нефть будет получаться из самого вместилища нефти, должно ожидать, что керосину будет получаться столько же сколько из кавказской нефти, - делает вывод Кирпичников.

Далее он детально описывает взятый образчик нефти, как имеющий буро-желтый цвет с удельным весом 0,869. Запах неприятен, что связывает с содержанием сернистого водорода. Кипение начинается при 159 градусах. После отгона керосина, собирающегося при температуре между 195 и 310 градусов, остается остаток годный для получения парафина и может быть употреблен как смазочное масло для колес, машин и проч.


- Относительно путей сообщения этого нефтяного месторождения с большим населенным пунктом с Нижне-Эмбенского укрепления можно сказать, что их совсем нет. Первые 40 верст от

Нижне-Эмбенского укрепления до урочища Тулюса удобны для проезда, дальше же проехать можно с большим трудом, с возами даже невозможно – начинаются грязи, соры с топкими днами, объехать которые невозможно, потому что они тянутся от урочища Тулюса

вплоть до моря и пересекают дорогу. За грязями начинаются барханы. К этому нужно присоединить отсутствие воды: вода только в кудуках, вырытых киргизами и она в малом количестве и солоноватая. Так как описываемое месторождение отстоит недалеко от моря, то можно было думать, что сообщение с морем будет удобным сообщения с Нижне-Эмбенским укреплением, но оказалось наоборот вследствие грязей, соров добраться до моря нет никакой возможности, - констатирует российский исследователь.

Л.СУЛЕЙМЕНОВА.

(Продолжение следует.)



Мұнай бағасының құбылуы, дәлірек айтсақ, құлдырауы бұған дейін де болған, әлі талай болары анық. Өйткені, мұнай – саясаттың негізгі тетігі.

ОПЕК – мұнай экспорттайтын елдердің басын қосатын халықаралық ұйым. Табысының негізгі көзі мұнай және мұнай өнімдерін шығарумен айналысатын елдердің арасындағы байланысты реттеп отыру мақсатында құрылған ұйымға бүгінде мұнайды экспорттайтын елдер кіріп отыр (олардың саны-12). Сонымен қатар, өз аймағында әлемдегі мұнай қорының біраз бөлігі (әлемдегі мұнай қорының үштен екі бөлігі) шоғырланған елдер бақылаушы мәртебесінде ұйымның жұмысына үлес қоса алады. Қазақстан - бақылаушы елдер қатарында. Бақылаушы елдер ОПЕК сессияларына, конференцияларына қатыса алады.

Мұнай бағасының төмендеуінің елге тигізер зияны қандай? Қазақстан – мұнай-дың қорынан да, оның экспортталуынан да алғашқы 15 елдің қатарына кіреді. Қазақстанның экономикасы мұнай секторына тәуелді. Бюджет кірісінің біраз бөлігі мұнайдан түсетін табысқа байланысты. Демек, нарықтағы мұнайдың бағасына біз - өте тәуелді елдердің біріміз. Неге соншалықты жоғары тәуелділік десек, оның себебі көп. Негізгілерге тоқталсақ:

Біріншіден, өндірген шикізатымыз өз елімізде өңделмейді, біздің «қара алтын» негізінен экспортқа кетуде. Экспортталған өніміміз өңделіп, дайын тауар ретінде өзі-өзімізге бірнеше еселеп жоғары бағамен орауда. Өңделген өнім: жанар-жағармай, газ, энергия түрінде көрші Ресей елінен импорттаймыз;

Екіншіден, өз өнімімізді өңдей алмаймыз (не себепті Қазақстан өз мұнайын өзі өңдемейді?). Бүгінде елімізде үш мұнай өңдеу зауыты бар, оларда үнемі жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Алайда, онымен мәселе түйіні шешімін тапқан жоқ.

Ал, Мемлекет басшысы тарапынан төртінші мұнай өңдеу зауытын салу жөніндегі тапсырмасы қашан нәтижесін табары белгісіз. Оның үстіне, біздің ел өндірген мұнайдың негізгі бөлігі Ресейдің транзит жолына тәуелді. Ашық теңізге шыға алмайды. Міне, осы мәселелер Қазақстанның экономикасына кері әсерін тигізуде, дәлірек айтсақ, бізді өзгеге тәуелді етіп отыр.

Әлемдегі коронавирус пен «қара алтынның төмендеуі мұнайға тәуелді елдердің табысының айтарлықтай азаюына әкеп соқтырды. Пандемияға байланысты әлемдік нарықта шикізатқа деген сұраныс азайғанда Ресей мен Сауд Арабиясы елдерінің арасындағы келіспеушілік, нақтыласақ, екі ел арасындағы «баға соғысы» жағдайды одан сайын шиелендіре түсті.

Шикізатқа деген сұраныс азайып, қойманы арзан мұнай басып алды. Мұнай бағасының құлдырауы көптеген елдердің зардап шегуіне әкеліп соқтыруда. Жағдай осылай жалғаса берсе, көптеген елдерде жалақы мен зейнетақы төлеуде қатты қиындықтар болатынын, жұмысшылардың қысқартуларға ұшырауы мүмкін екенін әлемдік сарапшылар айтып отыр. Халықаралық Энергия Агенттігі сарапшыларының пікірінше, энергетикалық шикізаттың арзандауы Қазақстан мемлекетінің экономикасына зардабын тигізіп, салдарынан теңгеміз құлдырауы мүмкін. Қазақстан елінің бюджеті үшін мұнай бағасының 50-50 доллар болғаны тиімді. Әзірге нарықтағы өнім бағасы бұдан төмен.

Иә, сонымен, мұнайдың бағасы мен оның өндіру көлемі әлемдік саясатқа ұласты.

Әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құлдырауы елдердің арасындағы соғысқа апаратыны тарихтан белгілі. 1990 жылы Иран мен Кувейт, АҚШ-тың бастауымен Парсы шығанағындағы соғыс т.б. - соның дәлелі.

Әлемдік нарықта билік тегігіне таласқан бұл елдер дәл осы шикізаттың бағасына қатысты келісімге келе алмағанын. Бүгінде де дәл сол жағдай қайталанып отыр.

P.S. COVID-19 індеті салдарынан мұнай мен мұнай өнімдеріне деген сұраныс әлемдік нарықта 30%-ға төмендеп кетті. Әлемдік сарапшылардың айтуынша, Brent маркалы мұнай 2020 жыл басынан бері 60%-ға құлдыраған. Әлемдік экономикаға қатты зардап әкелер мәселені шешу үшін ОПЕК+ елдері ортақ келісімге келді, дәлірек айтсақ, келісімге келуге мәжбүр болды.

ОПЕК+ елдері 2020 жылдың өнім өндіру көлемін шілде-желтоқсан айлары аралығында тәулігіне 8 млн баррельге, 2021 ж. қаңтарынан 2022 ж. сәуіріне дейін тәулігіне 6 млн баррельге дейін қысқартуға деген ортақ келісімге келіп отыр. Ал, осы екі ай бойы өнім көлемін 9,7 млн баррельге азайтпақшы. Келісімге қол қойылды.

Қазақстан да мұнай өндіру көлемін тәулігіне 390 мың баррельге дейін төмендетпек. Қазіргі таңда елдегі мұнай өндірумен айналысатын компаниялардың нақты қандай көлемде өнім өндіретіні анықталуда.



АЛҒАШҚЫ МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ БІРІ

(немесе Ембі мұнайлы өңірінің ардагері Хамит Құлшықұлы туралы бір үзік сыр)

Қазақ мұнайының тарихы алғашқы мұнай бұрқағы алынған Қарашұңгіл кен орнынан бастау алса, Орал-Ембі мұнайлы ауданының тарихы 1911 жылы Доссор кен алаңынан өндірістік мұнай алынуы кезеңінен басталғаны анық. Осы жылдары Доссор, Мақат кәсіпшіліктеріне жан-жақтан жергілікті адамдар көптен келіп жұмысқа орналасты. Солардың бірі Хамит Құлшықов болған еді.

1914 жылы күзде балаң жігіт Мақаттағы «Эмба-Каспий» мұнай қоғамының бұрғылау кеңсесіне май құюшы болып жұмысқа орналасады. 1913 жылдан бері 16 ұңғымада бұрғылау жұмысы жүріп жатқан кез. №1½ ұңғымада 1915 жылдың 30 мамырында қазу барысында қуатты бұрқақ атқылап, келесі күні пайдалануға берілген. Кен орнының осындай айшықты сәттеріне куә болған Хамит Құлшықұлы «Ембі», «Жайық-Каспий» мұнай қоғамдарында мұнайшылық қызметін жалғастырып, аға майлаушы болып еңбек етеді. 1926 жылы қыркүйекте Мақат мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа ауысады. Кәсіпшілікте тұрғын үй құрылысы, асхана, монша, мектеп, аурухана, наубайхана, мұнайшылар клубы, басқа да ғимараттардың құрылыстары жүріп жатты. Осы жұмыстардың барлығына су қажет болды. Хамит Құлшықов көлік арбамен су тасушы қызметіне қабылданып, Шеңгелді, Білеулі құдықтарынан су тасиды.

Геологиялық барлау жұмыстары Ембі аймағының көптеген жерлерінде жүріп, жатады. Х.Құлшықов еңбек ететін бригадалар 1930 жылдың тамыз айында Қаратон кен орнына жіберілді. Сөйтіп, бұрғылау қондырғыларында май құюшы, жөндеуші болып жасайды. 1932 жылы шілдеде Қосшағыл кен орнына ауыстырылды. 1926 жылы жергілікті тұрғын Бешім Қызылбасов алғашқы мұнай көзін барлаушыларға айтып, соның нәтижесінде Қосшағылда мұнай қоры анықталды. Кейін, геологиялық гравитациялық түсірулер, басқа да зерттеулер көптеп жүргізіледі.

Хамит Құлшықовтардың бұрғышылары келген 1932 жылы жан-жақты зерттеу жұ-

мыстары қыза түскен. Терең бұрғылау жұмыстары басталған. Машинист Хамит Құлшықұлы да бұрғылау мұнарасындағы қызу жұмыстардың ортасында болған. Жан-жақты ұйымдас-

дастырылған жұмыстардың нәтижесінде 1932 жылдың 21 қаңтарында Қосшағыл кен алаңында №6 ұңғымадан 490 метр тереңдіктен мұнай бұрғағы атқылады. Алғашқы кезеңде ұңғыманың тәуліктік өнімі 250 тоннаға жеткен. Бұл кен орнында еңбек етіп жатқан барша мұнайшылардың жеңісі еді.

Бұл сол мұнайдың куәсі болғандардың бірі – Хамит Құлшықұлы. Тәжірибелі маман Хамит аға осы Қосшағылда 1938 жылдың соңына дейін еңбек етіп, Қосшағыл кен орнын игеруге мол

үлес қосады.

1939 жылдың қаңтар айында сол жылы пайдалануға берілген Құлсары кәсіпшілігіне ауыстырылды. Кәсіпшіліктің мұнай өндіру бөлімінде машинист, механик қызметтерін атқарған. Соғыс жылдарында кәсіпшілік мұнайшыларының қатарында қиындықтарға қарамастан жанқиярлықпен еңбек етіп, майдандағы ұшақтар мен танктерге қажетті мұнайды мол көлемде жөнелтіп отырған.

Кәсіпшіліктің негізгі дамуы соғыс уақытында жүзеге асты. Осы жылдары Ембі өңірінде өндірілген мұнайдың 17,3 пайызы құлсарылық мұнайшылардың үлесінде болған. 1943 жылдың өзінде ғана 169,3 мың тонна «қара алтынды» Отан қорғау қорына жөнелткен.

Соғыстан кейінгі жылдары Х.Құлшықұлы ауыр күндерде тоқталыссыз қызмет еткен өндірісті қалпына келтіру жұмыстарында да аянбай еңбек еткен.

Мұнай өндіру саласында абыройлы еңбек еткен ардагер мұнайшы 1956 жылы құрметті демалысқа шықты. Ембі мұнай кәсіпшіліктеріндегі қалтқысыз ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып, КСРО-ның Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Соңында қалған ұрпақтары аталарының еңбек жолын өнеге тұтып, өмірін жалғастыруда.

Орақ ДЕҢГЕЛБАЕВ,
ембілік ардагер, өлкетанушы,
Мақат ауданының Құрметті азаматы.



Онлайн оқыту: жоба қалай жүзеге асуда?

Қашықтықтан білім беруге көшу – коронавирустық инфекцияның таралуын азайтуға бағытталған шаралар аясында жүзеге асып жатқанын барлығы түсінгені жөн. Өкінішке орай, басқа таңдау жоқ, оқу процесі тоқтатылмауы тиіс.

Атырау облысында 196 мектебінде 129 591 оқушы, 11 873 мұғалім бар. 16 наурыздан бастап колледж және жоғары оқу орындарының студенттері онлайн оқуға көшті, 6 сәуірден бастап қашықтықтан білім алуға оқушылар да көшті. Өз кезегінде ата-аналар тарапынан сабақтарды онлайн жүргізу кезінде толық техникалық дайындықтың ескерілуін сұрайды: сабаққа арналған орын, гаджеттердің, ноутбуктардың және теледидардың жұмыс жағдайын тексеру керек. Біріншіден, ыңғайлы платформаны таңдап, оқулықтарды, әдебиеттерді және білім беру ресурстарын таңдай отыра, онлайн-кітапхананы таңдау керек.

Қажетті әдебиетті қайдан табуға болады? Айта кету керек, Қазақстанның ұялы операторлары карантин және төтенше жағдай кезінде өз абоненттеріне білім беру ресурстарына тегін қол жеткізуге мүмкіндік жасап отыр.

Оқу барысында арнайы кесте арқылы әрекет еткен жөн. Өйткені, күні бойы барлық уақытты оқуға жіберу де мазаңызды қашыруы мүмкін. Айта кетерлігі, егер сіз оқытушылар, студенттер мен оқушылар санатына кірмесеңіз, бірақ, онлайн білім алғыңыз келсе, ешбір кедергі жоқ. Сондай-ақ, карантин кезінде тілдерді үйренуге, табыс әкелетін хоббимен айланысуға уақыт жеткілікті. Ендеше, сәттілік!

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- *Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;*
- *интерактивті әрекеттесу формалары;*
- *сапалы білім алу;*
- *уақытты үнемдеу;*
- *ыңғайлы уақытта оқу;*
- *территориялық шектеулер жоқ;*

Мұнайшылар шығармашылығы

Біз біргеміз!

Көгімде жайнаған мөп мөлдір көк аспан,
Байрағым желбіреп, аспанмен таласқан
Тәуелсіз еліммен күллі әлем санасқан, рахмет!
Байтақ бұл даламның бірлік пен бағы асқан,
Алыспен тату боп, жақынмен жарасқан
Кең пейіл халқыма құшағын кең ашқан, рахмет!

Біз – ембілік мұнайшы, біз ертеңге сенеміз,
Біз – біртұтас компания Ембіміз!
Біз жастарға сенеміз, біз ертеңге сенеміз,
Біз – біртұтас компания Ембіміз!
Біз сабырмен жеңеміз, біз
Біз ертеңге сенеміз,біз

Мұнай шығып жерімнен, бақытқа кенелген
Байлығын елімнің мұнайшы өндірген,
Қарқынды дамуға үлесін қосқан, рахмет!
Жігермен ертеңге, аянбай тер төккен
Майталман мұнайшы аманат қалдырған
Жастарға бабаның дәстүрін жалғаған, рахмет!

Бәріміз біргеміз достығы жарасқан,
Жұмылсақ жұдырық,құйылған құрыштан.
Бір мақсат, бір жоспар, басшыларға рахмет!
Ынтымақ-береке шалқыған ырыстан,
Келеміз бірлікті шығармай уыстан.
Ембілік барша әріптестерге рахмет!

Ринат МАХАМБЕТОВ,

**«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Құлсары» электр торабының
еңбекті және қоршаған ортаны қорғау инженері**

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmger.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmger.kz
Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmger.kz
А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz
А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:
С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Ә.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;
Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.